

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы Есеп

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жапындағы 8D019 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау (6D010500 - Дефектология/8D01901 - Арнайы педагогика) бағыты бойынша Диссертациялық Кеңес

### 1. Откізілген отырыстардың саны туралы деректер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жапындағы диссертациялық кеңесте 8D019 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау (6D010500 - Дефектология/8D01901 - Арнайы педагогика) бағыты бойынша есепті жылы 2 отырыс откізілді (24.04.2025 ж. бастап 31.12.2025 ж. дейін)

### 2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелері жоқ.

### 3. Докторанттардың тізімі және олардың білім алған ұйымы

*Бекмұрат Айдос Тамдыбекұлы*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

*Усенбаева Шынар Мутановна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

### 4. Жыл бойы Диссертациялық Кеңесте қарастырылған диссертацияларды қысқаша талдау, келесі бөлімдерді бөліп көрсету:

*Бекмұрат Айдос Тамдыбекұлының* диссертациясы бойынша:

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау;

*Диссертация тақырыбы* – Мектеп жасына дейінгі аутизмі бар балалармен сойлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытудағы АВА терапиясы

*Білім беру бағдарламасы:* 8D01901 - Арнайы педагогика

*Ғылыми кеңесші* – психолог, қауымдастырылған профессор Аутасва А.Н. және психолог, профессор Кулеша Е.М.

*Қорғау уақыты:* «25» 04. 2025 ж.

*Диссертациялық жұмыстан жаңа және сенімді нәтижелер алынды:*

*Ғылыми-теориялық база кеңейді:*

– Алған рет аутизмі бар балалармен сойлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытуға бағытталған бейімделген АВА терапия бағдарламасының тиімділігі теориялық және практикалық тұрғыдан негізделді.

– Арнайы білім беру саласында "сойлеудің лексикалық және семантикалық жағы", "сойлеуді функционалды талдауы", "DIT әдісі", "вербалды мінез-құлық" және басқа да ұғымдардың қолданылу аясы нақтыланды және кеңейтілді.

*Бейімделген АВА терапияның бағдарламасын әзірледі:*

– Алған рет 3–6 жастағы аутизмі бар балалармен сойлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытуға бағытталған бейімделген АВА-терапия бағдарламасы әзірленіп, сынақтан откізілді. Оның тиімділігі эксперименттік зерттеу барысында дәлелденді.

– Зерттеу нәтижелері бейімделген АВА терапия бағдарламасын жүйелі және мақсатты түрде қолдану арқылы аутизмі бар балалардың лексикалық және семантикалық жағын жоспарлы әрі жүйелі түрде дамытуға ықпал ететінін растады.

*Эмпирикалық деректердің толықтығы:*

– Қызылорда қаласындағы Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы мен Алматы қаласындағы "РостОК" оңалту орталығында жүргізілген анықтаушы және

калыптастырушы эксперименттер аутизмі бар балалардың сөйлеуінің лексикалық және семантикалық жағының дамуы әртүрлілігін (гетерогендігін) растады.

– Эксперименттік зерттеулер 3–6 жастағы аутизмі бар балаларға қолданылған бейімделген АВА терапия бағдарламасы жалпы сөйлеу дамуына оң әсер ететінін көрсетті.

2) *Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы*

А.Т. Бекмұраттың ғылыми жұмысы келесі мемлекеттік бағдарламалармен үйлеседі:

- ҚР Үкіметі бекіткен "Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1143 қаулы);  
- ҚР Үкіметі бекіткен "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулы).

-Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

3) *Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау*

– Бейімделген АВА терапия негізінде әзірленген сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытудағы бағдарламасы арнайы мектепке дейінгі білім беру үдерісінде қолдануға болады.

– Аутизмі бар балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандарға арналған "Аутизмі бар балалармен сөйлеудің лексикалық және семантикалық жағын дамытудағы бейімделген АВА терапия бағдарламасы" атты әдістемелік нұсқаулық құрастырылып, тәжірибеге енгізілді.

*Усенбаева Шынар Мутановнаның диссертациясы бойынша:*

1) *қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау;*

*Диссертация тақырыбы* – Қору қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің арнайы кітапхана жағдайында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру

*Білім беру бағдарламасы:* 6D010500 - Дефектология

*Ғылыми кеңесші* – PhD, қауымдастырылған профессор Бутабаева Л.А. және п.ғ.д., профессор Кулепа Е.М.

*Қорғау уақыты:* «19» 06. 2025 ж.

*Диссертациялық жұмыстан жаңа және сенімді нәтижелер алынды:*

Зерттеу нәтижелері қору қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін арнайы кітапхана жағдайындағы жұмыс жүйесін құрылымдауға негіз болды. Зерттеу барысында жасөспірімдердің ақпаратпен жұмыс істеу ерекшеліктері, ақпаратты қабылдау, оңдеу, қолдану деңгейлері анықталып, ақпараттық мәдениеттің құрылымдық компоненттері нақты сипатталды. Бұл мәліметтер арнайы педагогика, кітапхана салалары үшін маңызды теориялық база болып табылады. Мына ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

-Қору қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің арнайы кітапхана жағдайында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздері айқындалды.

-Напар көретін жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі анықталды.

-Кітапхана жағдайында напар көретін жасөспірімдердің ақпараттық мәдениеті жүйе арқылы қалыптасты.

-Тәжірибелік эксперименттік жұмыс нәтижесі бойынша кітапханашыларға әдістемелік ұсыныстар даярланды.

2) *Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы*

Зерттеу жұмысы ҚР Ғылымының даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламалар талаптарына толығымен сәйкес келеді. Бұл диссертациялық жұмыс қору қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің арнайы кітапхана жағдайында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталадындағы ұлттық стратегияларды жүзеге асыру мақсаттарына сәйкес келеді. Осы тұрғыда зерттеу жұмысы төмендегі мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттармен үйлесімді: Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. Загіттардың және қору қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2025 жылғы 28 қаңтардағы №161-VIII ҚРЗ).

Аталған құжаттарда қору қабілеті зақымдалған жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, олардың ақпараттық коммуникациялық дағдыларын жақсарту және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндіктерін кеңейту көзделген. Бұл өз кезегінде ұлттық ғылыми-зерттеу бағыттарын нығайтып, мемлекетіміздің білім беру саласында саналы өзгерістер жасауға септігін тигізеді.

### *3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау*

Диссертацияның практикалық маңызы оның нәтижелерінің арнайы және кітапхана ісі салаларында қолданылу мүмкіндігімен анықталады. Диссертациялық зерттеу нәтижелері нашар көретін жасөспірімдердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған арнайы кітапхана жұмысының құрылымдық-мазмұндық жүйесін, тәжірибелік-эксперименттік деректерін және әдістемелік ұсыныстарын қамтиды. Алынған нәтижелер арнайы және жалпы білім беретін мектептердегі білім беру процесінің субъектілері үшін, сондай-ақ арнайы кітапханалар қызметін ұйымдастыруда қолдануға лайық және кең практикалық мүмкіндікке ие.

## **5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (санасыз шолулардың мысалдарымен).**

Рецензенттер педагогика және арнайы педагогика салаларына үлес қосқан ғалымдарды растады.

Диссертация рецензенттері бойынша мәлімет *Усенбаев Ш.М.*:

*Хамитова Д.С.* - PhD, қауымдастырылған профессор м.а. , Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Павлодар қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010500)

*Усенова М.Э.* - PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Каспий Қоғамдық университеті. (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 6D010500)

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

Диссертациясын сәтті қорғаған докторанттарға PhD дипломын алу үшін қажетті құжаттарды жинақтау, рәсімдеу және тиісті ұйымдарға ұсыну үдерістерінде кафедра тарапынан әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетілуі қажет. Бұл докторанттардың әкімшілік жүктемесін азайтып, ғылыми қызметке тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

## **7. Мамандықтар бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны (кадрлар даярлау бағыттары):**


	8D019 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау (6D010500 - Дефектология/8D01901 - Арнайы педагогика) бағыты
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары);	-
Қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттары)	-
Рецензенттердің (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарының)теріс пікірлері алынған диссертациялар	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешіммен диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары).	-

ДС төрайымы:



Бутабаева Лаура Аскаровна,  
PhD, асоц. профессор

ДС хатшысы:



Калыкбаева Алмагул Жакановна  
PhD, аға оқытушы

Алматы қ. «25» 04, 2025 ж.